

ЕРІКТІ БОЛУ-ЕРЛІК АЛҒЫС АЛУ-МӘРТЕБЕ!



Аудан әкімі, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының төрағасы А.Қазыбаев Елбасы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан ауданымыздағы белсенді жастарды, еріктілерді алғыс хаттарымен марапаттады. Төтенше жағдай кезінде Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының

ұйымдастыруымен 100-ге жуық еріктілер іс-шараға игі іске жұмылдырылып, жалғыз басты қарияларға, көпбалалы отбасыларға азық-түлік, маскалар таратып, қолдай көмек берген болатын. Ерікті жастар әр салада қызмет қылса да, ел үшін керек кезінде бір жерге жиналатын ауыз-біршілікті көрсетті. Жақсы істе жана-

шыр жандардың еңбегі бағаланып, 60-тан астам ерікті жас Елбасының алғыс хатын алды. Еңбектері еленгені күн, жастарға алдағы күндеріне үлкен жауапкершілік аса құлшыныс пайда қылды. Жастар, еріктілер өлі де жұмыла жұмыс істемек. Ерікті жастар марапатын алып, бір-бірін құттықтап, тарасты.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҰЛТ МӘРТЕБЕСІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі болып табылады. Мемлекеттік тіл еліміздің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы. Біздің мемлекеттік тіліміз бабадан ұрпаққа аманат етіліп берілген байлығымыз. Сондықтан ана тіліміздің өз қалпында сақталып, одан әрі дамуына септігімізді тигізіп, келер ұрпаққа аманат етіп қалдырумыз қажет. Қазақ тілі де халқымен, бірге абы-ройлы да асқақ, сынақты да сындар-лы тағдырды басынан кешірді. Тоқ-сан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, жүйелі сөзбен алқалы топты еңсерген ойшыл, шешендерді ел басқару ісіне араластырып, халық жүрегінде жатталған дала даныш-пандары, кемеңгер ойдың кемелді арнасы, тілінен бал тамған, қара қылды қақ жарған өділетті би-шешендер ұлылық пен ұлағат, өнеге мен тағылымның мектебі, аталы ойдың алтын қазығы бола білді.

Тіл қастерлі де, қасиетті ұғым. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер ана тілі. Бүгінгі уақыт талабы өлемдік өркениетке қадам басу үшін қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де жетік білуді талап етеді. Өйткені, өлемдік даму үрдістерінен кейін қалып қояға болмайды. Өрине, қазақ тілі-өлемдегі барлық мемлекеттік тіл сияқты өзінің егемендігін алған тіл. Қазақстанда тұратын әрбір

азамат мемлекеттік тілді білуге міндетті. Тілге деген құрмет, халыққа деген құрмет.

Тіл қай ұлттың болмасын тарихымен тағдыры, төлім тәрбиесінің негізі. Тіл халықтың жаны. Тіл жойылса, халықта жер бетінен жоғалады. Тіл таусылмайтын байлық, асыл қазына. Тіл тарихы сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгі болашағы. Қазақ тілі өзінің даласындай кең ауқымды қолданылады. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлтының өрі жаны, өрі ары. Тіл өмірдің талай сыңынан өткен, өскелең талаптарға сөйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат екені анық. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі, салт дәстүрдің одан әрі дамуы, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың ұлы жемісі ана тілі.

Ата-бабаларымыздың тарихы мен шежіресі, түрлі әдеби мұралары бүгінгі ұрпаққа өзіміздің ана тіліміз арқылы жетіп отыр. Қазақ тілі мәселесін мемлекеттік деңгейге көтерілгеннен кейінгі жылдары бұқара жұртшылықтың да, жастардың да ана тілі үшін көптеген маңызды жұмыстар атқарғаны белгілі. Өйткені, тәуелсіздігіміздің ең басты белгісі ана тілі, ұлттық мәдениеті.

А.ҚЫДЫРҒАЛИЕВ,
Ойыл аудандық сотының
бас маманы.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҒЫМЕН КЕЗДЕСУ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР
РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
Ұ Й Ы М Д А С Т Ы Р У Ы М Е Н
«ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА
«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҒЫНЫҢ
ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ.
КЕЗДЕСУЕ АУДАН ӘКІМІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ М.АЙДАР-
БАЕВ, «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ
АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ С.ЗАЙ-
МОЛДИН ЖӘНЕ ОЙЫЛ АУЫЛ-
ДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ С.ДӘУ-
ЛЕТҚАЛИЕВ ҚАТЫСТЫ.

Еркін форматтағы кездесу барысында жастар мен басшылар пікір алмасып, бірқатар мәселелердің шешілу жолдарын талқылады. Аудан жастары да Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыруда өз үлестерін қосуда. Ел үшін білекті түріп, іске кірісіп жатқан жастарға аға буын бағыт-бағдар беріп, алдағы атқарылатын шараларға жоспар құрылды.

6 ШІЛДЕ – НҰР-СҰЛТАН КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ойыпдықтар және
аудан қонақтары!

Сіздерді сүйікті Отанымыздың жүрегі, халқымыздың мақтанышы – Елордамыздың туған күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ел өміріне біркелкі ырғақ беріп, әлеуметтік - экономикалық және мәдени-тұрмыстық тыныс - тіршіліктің құрметіне айнап, еліміздің бас қапасы –Қазақстан тәуелсіздігі мен егемендігінің алтын бесігі. Еліміздің рухани, ғылыми, қаржы және мәдени орталығына айнап, Елорда күні мерекесінің саяси маңызы зор екендігі баршаңызға белгілі. Өйткені, ол Тәуелсіз Қазақстанның символы, мемлекетіміздің қарқынды дамуы мен әлеуметін арттырудың негізі, шығыс пен батыс мәдениетін тоғыстырып тұрған теңдессіз қапа. Ол республикамыздың жетістіктері мен әлдеқайда айнасы іспеттес.

Мемлекеттің Елордасы қазақстандықтардың құлғи тұмар қапасы болып отыр. Сондықтан әрбір қапа, әрбір облыс орталығы Елорда секілді әдемі, көрнекті, сәулетті де, сапалы шаһар болуға таптынады. Елордаға қарап бой тұзайды. Бүгінде ол әлемдегі сәулет өнерінің инжу-маржанына айналып, әсемдегі қайтапанабас келбетімен әрбір қазақстандықтың жүрегінде патриоттық сезімін нығайтып, Отаны үшін теңдессіз мақтанышқа бөлейтін ару қапаға айналды. Күн санап түрленіп, асқақтап тұсуда.

Шын мәнінде, бұл – біздің бірлігі бекем халқымыздың ерен еңбегінің арқасы. Елбасымыздың әлем алдындағы саяси беделінің көрінісі.

Бұл мереке – Қазақстанның дамуына жаңа қарқын беретін жаппайлықтың маңызды шара. Елорданың мерейі – барша қазақстандықтардың мақтанышы. Республика халқымен бірге Ойыл ауданының жұртшылығы да сүйікті Елордамыздың туған күнін ерекше ықыласпен атап өтіп келеді.

Осы бір тамаша мерекеде баршаңызға зор ғенсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақыт-береке, бірлік, Отанымызға әлдеқайда менсіндіріліп, тіпті еліміздің баянды бірлігі, құйған таптылығы жасасын! Әлемді құрлықтың дертке тосқауыл қойып, тездетіп қалыпты өмірге оралып, жақсылықта жүзеге жазсын!

Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі А.Қазыбаев



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ
2020 ЖЫЛҒЫ 25 МАУСЫМДАҒЫ №39 ҚАУЛЫСЫ

Ақтөбе қаласында 2020 жылғы 26 маусымдағы сағат 22.00-ден бастап 2020 жылғы 29 маусымдағы сағат 00.00-ге дейін және одан кейін эпидемиологиялық жағдай тұрақтанғанға дейін әрбір демалыс күндері (сәні, жексенбі) шектеу және карантин шараларын уақытша күшейту енгізілген.

Жұмысына тыйым салынады:

- сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда орталықтары, сауда үйлері, сауда желілері (супермаркеттер, гипермаркеттер), азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар базарлары, азық-түлік емес тауарлар дүкендері, жәрменкелер;
- мейрамханалар, кафелер, фаст-фуд, фудкорттар, асханалар және басқа қоғамдық тамақтану орындары, тапсырыстарды жеткізуге қызмет көрсетуді қоспағанда;
- фитнес-орталықтар, фитнес-клубтар, жаттығу залдары, спорт кешендері, бассейндер;
- SPA-орталықтар, SPA-салондар, сәулет салондары, шаштараз, тырнақ студиялары, барбер-шоптар, салондар, массаж орталықтары және қызмет көрсету саласындағы барлық объектілер;
- халыққа қызмет көрсету саласындағы барлық объектілер;
- қоғамдық орындардың, сауналар;
- қоғамдық көліктің қозғалысы;
- атыс орындары, тирлер;
- құрылыс алаңынан тыс шықпастан жұмыс режимін қамтамасыз ету мүмкіндігімен жұмысшыларға арналған құрылыс алаңдарында жатақханалары бар құрылыс компаниялары;
- қоғамдық орындардың, саябақтардың, скверлердің, жағалаулардың, көше ойын алаңдарының және азаматтардың өзге де демалыс орындарының жұмыс істеуі;
- қолма-қол шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдар.

Ақтөбе қаласының тұрғындарына:

- ағымдағы жылдың 25 және 26 маусымында қосымша шектеу шараларының қолданылу кезеңінде бірінші қажетті тауарлар мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ұсынылады;
- қала бойынша жаяу және жеке көлікпен жүруге тыйым салынса, көпесті жағдайларды қоспағанда: тұрғылықты жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай; азық-түлік тауарларын, дәрі-дәрмек препараттарын және медициналық бұйымдарды тұратын үйінің немесе жұмыс орнына жақын дүкендердегі дүкендерден сатып алу; шұғыл жағдайлар бойынша медициналық ұйымдарға бару; үй жануарларын тұрғылықты жеріне жақын жерде серуендеу.

ЖАС МАМАНДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

КІМГЕ, НЕ ТҮЕСІМІ?

Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру маңыздылығын ерекше атап көрсетіп келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы – мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болатынын және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағдарлануы тиістілігін айқындап берді. Елбасының айқындап берген тапсырма, міндеттеріне сәйкес, 2013 жылдың 15 сәуір күні «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды.

«Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, өлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына өлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» №183 қаулысына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, өлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға өлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №72 бұйрығына сәйкес, «Дипломмен ауылға» бағдарламасын Ойыл ауданында іске асыру бойынша жұмыс органы болып табылады.

Бағдарлама бойынша денсаулық сақтау, білім, өлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға бір реттік көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік несие беріледі. Бағдарламаның мақсаты жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандарды елді мекендерге жұмысқа орналастырып, ауылдың жағдайын көтеру.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №43 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, өлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға өлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №72 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

ҚАНДАЙ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?

- бір жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада біржолғы көтерме жәрдемақы төленеді. 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап айлық есептік көрсеткішті 2778 теңгені құрады. Нәтижесінде жоба бойынша өр қатысушы 277800 теңге көлемінде жәрдемақы ала алады;

- қажеттілігіне қарай тұрғын үй сатып алу үшін өлеуметтік қолдау арқылы 1500 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 4167000 теңгеге дейін 15 жыл мерзімге 0,01 пайыздық мөлшермен бюджеттік несие түрінде өлеуметтік қолдау көрсетіледі.

ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

Өлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі (құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде) көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы немесе электрондық форматта «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан өрі - Портал) арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) көтерме жәрдемақы алған кезде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); білімі туралы дипломының көшірмесі; жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі.
- 2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); білімі туралы дипломының көшірмесі; жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі; сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Кредиттік бюродан есеп;

3) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); білімі туралы дипломының көшірмесі; жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі;

сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Кредиттік бюродан есеп.

Осы Қағидаларда көзделмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.

ЖАҢАДАН ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР:

1.Енді өлеуметтік қолдау шараларына құжат тапсыратын мамандардан мекенжай және көші-қон анықтамалары талап етілмейді.

2.Енді тұрғын үй сатып алуға және салуға бюджеттік кредитке өтініш берген мамандардан кредиттік бюродан есеп, яғни кредиттік тарихы сұралады. Өлеуметтік қолдау шаралары бұрын берілген кредиттер бойынша берешегі бар көрсетілетін қызметті алушыларға оларды толық өтеген сәтке дейін ұсынылмайды.

3.Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түріндегі өлеуметтік қолдау шаралары жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-аналарынан (оның ішінде асырап алушылардан), балаларынан (оның ішінде асырап алынғандарынан), атанасы бір және ата-анасы бөлек ағайіндері мен апа-қарындастары-нан) тұрғын үй-жай сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жайды сатып алуға пайдаланылмайды.

4.Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі азайтылып, 6 (алты) жұмыс күні болды.(бұрын көтерме жәрдемақы беру мерзімі 27 күн болған)

5. Ауданның жергілікті атқарушы органы алдағы кезеңге денсаулық сақтау, білім беру, өлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы сұранысқа ие мамандықтардың тізбесін қалыптастырады.

Тізбеде алдағы кезеңде көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде өлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін қызметті алушылардың және/немесе олардың мамандықтарының атауы мен саны көрсетіледі. Осы тізбеге енген мамандарға өлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін болады.

ҚОЛДАУ ТАПҚАННАН КЕЙІНГІ МІНДЕТ:

1. Өлеуметтік қолдау шараларын алған күннен бастап 60 жұмыс күні ішінде комиссияның жұмыс органына бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылғаны туралы растау құжаттарын беруі тиіс.

2. Меншігіне сатып алынған немесе салынған жылжымайтын мүлік өділет органдарында тіркелгеннен кейін сенім білдірілген өкілге (агентке) тұрғын үйге арналған құжаттардың түпнұсқаларын осы келісімді кемінде үш жыл мерзімге қамтамасыз ету жөніндегі кепіл ретінде беруге міндеттеледі;

3. Келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда өлеуметтік қолдау шаралары ретінде алынған бюджет қаражатын толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті;

4. Егер де жоғарыда аталған өлеу-

меттік қолдау шаралары жоба қатысушысына берілсе, тиісті ауылдық елді мекенде орналасқан ұйымында міндетті түрде 3 жыл тұрақты жұмыс істеуі қажет. Сатып алынған тұрғын үй 15 жыл бойы Ойыл ауданы өкімдігінде кепілде тұрады. Мамандардың 3 жыл мерзім өткеннен кейін, бюджеттік кредиттің қалған бөлігін толық жауып, тұрғын үйді кепілден шығаруға құқығы бар.

5. Ойыл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне тоқсан сайын жұмыс орнынан анықтама ұсынып отыруы керек.

6.Көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес бөлінген сома шегінде жүзеге асырылады.

7.Көрсетілетін қызметті алушыларға өлеуметтік қолдау шараларын ұсыну үшін бюджет қаражаты жетіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өлеуметтік қолдау шараларын алушы үміткерлердің қатарынан кезектілікті қалыптастыру жолымен өлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мерзімін тоқтата тұрады.

Өлеуметтік қолдау шараларын алуға кезекте тұрған көрсетілетін қызметті алушылардың құжаттарын қайта қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші белгілейді және ол бір жылдан аспайды.

Өлеуметтік қолдау шараларын алған мамандардан әрбір іске ұқыпты және жауапкершілікпен қарауларыңызды сұраймыз. Осыныша қаржыны қолға алған маманға артылатын міндет – ауылдың өркендеуіне үлес қосу және сапалы қызмет жасау. Көрсетілген көмектерге қол жеткізген маман бағдарламаның шарты бойынша ауылдық жерде 3 жыл қызмет етуге және әр тоқсан сайын жұмыс орнынан тиісті орындарға анықтама өткізіп тұруға міндетті. Сатып алынған үйдің 15 жыл бойы кепілде тұратынын да естен шығармау қажет. Егер көрсетілген ережелер маман тарапынан бұзылса, ол барлық шығынды өтеуі тиіс. Өкінішке орай, көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит алып, келісім шарт талаптарын бұзып, жұмыстан шығып, ауылдан көшіп кетіп жатқандар да бар.Әлі күнге дейін сот бұйрығымен мемлекеттік ақшасын кейін қайтарып жатқан мамандар да баршылық.

Сондықтан, мамандардан мемлекеттен көтерме жәрдемақы мен бюджеттік кредитке өтініш беруге жауапкершілікпен қарауды сұраймыз.

2020 жылға 33 маманға жалпы соммасы 8748,3 мың теңге көтерме жәрдемақы беру жоспарланған. Жыл басынан бері 33 маманға жалпы соммасы 8748,3 мың теңге көтерме жәрдемақы берілді. (әр маманға 265100 теңгеден) Оның ішінде, 18 маман білім (4771,8 мың), 11 маман денсаулық (2916,1 мың), 2 маман АПК (530,2 мың), 2 маман спорт (530,2 мың) саласының мамандары.

2020 жылға 24 маманға тұрғын үй сатып алу үшін жалпы соммасы 97613,0 мың теңге бюджеттік кредит беру жоспарланған. Жыл басынан бері 25 маманға жалпы соммасы 97391,0 мың теңге тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит беру туралы аудан өкімдігінің қаулысы қабылданып, 22 маман бюджеттік кредиттің қаржысын толық алды.

Бюджет қаражатының жетіспеуіне байланысты, осы уақытқа 19 маман көтерме жәрдемақы және 5 маман тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алуға есепке алынып, кезекке қойылды. Бұл мамандарға биылғы жылы бюджет қаражатының бөлінуіне орай өлеуметтік қолдау шаралары толық көрсетілетін болады.

Ойыл ауданы өкімдігі өкімімен бекітілген кестеге сәйкес , «Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жергілікті атқарушы органдардың қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін түсіндіру, көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын пайдалану жөнінде толық ақпарат беру үшін әр тоқсанның бір күні «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ғимаратында ашық есік күнін өткізді.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Уилский районного отдела архитектуры, градостроительства и строительства» объявляет о проведении общественных слушаний в форме опроса по рабочему проекту Проектно-изыскательные работы по объекту «Строительство шести многоквартирных (арендно-коммунальных) жилых домов в с.Уил, Уилского района Актыобинской области» с разделом охраны окружающей среды с последующей передачей для проведения комплексной экспертизы в организацию по проведению экологической экспертизы.

Представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта ОВОС по адресу: г.Уральск, ул. Сарайшык 55, тел: 8(776)470-67-76, e-mail: zhaikstroyproject@mail.ru

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуіне байланысты Ақтөбе облысы өкімдігінің жанынан Call-орталық (тел. 906-606) өз жұмысын қайтадан бастады.

Тәулік бойы тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін қадағалау департаментінің, полиция, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар, білім басқармалары, Ақтөбе қаласының өкімдігі өңір тұрғындарының сұрақтарына жауап беретін болады.



ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«25» маусым 2020 жыл

№ 52

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс елуінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 18 бабы 4 тармағы, 1) тармақшасына және аудан өкімінің 2020 жылғы 24 маусымдағы №01-05/1159 ұсынысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс елуінші сессиясы 2020 жылдың 30 маусымы күні сағат 11.00-де аудан өкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 367 «2020-2022 жылдарға арналған Ойыл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Дәулетқалиев С.Т.- Ойыл ауылдық округі өкімі

2. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 368 «2020-2022 жылдарға арналған Көптоғай ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Асылбаев Е.Б.- Көптоғай ауылдық округінің өкімі

3. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 369 «2020-2022 жылдарға арналған Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Избасов Ә.Ж.- Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі өкімі

4. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 370 «2020-2022 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Мұбаракөв А.Қ.- Саралжын ауылдық округінің өкімі

5. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 371 «2020-2022 жылдарға арналған Сарбие ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Бусебаев Д.Қ.- Сарбие ауылдық округі өкімінің у.м.а.

6. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 372 «2020-2022 жылдарға арналған Қараой ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Сұлтанов А.- Қараой ауылдық округінің өкімі

7. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 373 «2020-2022 жылдарға арналған Қайыңды ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Қосдаулетов Ы.- Қайыңды ауылдық округі өкімінің у.м.а.

8. Ойыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 24 «Ойыл ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Хабарламашы: Атағалиев Н.А.–аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

9. Ойыл ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы

10. Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 241 «Аудандық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Ержанов Ж.М.–аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы:

Б.Е.Көздіғарин

- Ажаркүлдің айтқаны келді. Барып қолын алып қайт. Оқуға түстің, Полат түсе алмай қалды. «Сенің балаң түседі, Алтынайдың баласы түсе алмайды» деп еді, мен ашық ауыз байқамай Полаттың шешесіне айтып қойыппын. Айтқандай, Полат бірінші ығзамнан-ақ құлап келді. Енді шешесі барып, Ажаркүлді жұлатын шығар. Ажаркүлдің аузы дуалы ғой, - деді апам айналасына рақаттана қарап. — Енді сені өскерге де алмайды ғой?

- Алмайды. Сол жерде оқытады. Лейтенант болып шығамыз.

- Полат сүңдетке отырғанда «мен неге отырмаймын» деп жылап едің. «Сені бес жасыңда періште кесіп кеткен, сен одан бұрын отырған-сың» деп әрең қойдырғаным есінде ме? Сарт-қожаның бөкісінен де, өскерден де құтылдың. Құдайдың қарасқаны да. Бар. Ажаркүлдің қолын алып қайт, - деп апам айналасына одан сайын рақаттана қарады.

- Сонда бес жыл оқисың ғой? — деді өкем тақуа кейпімен сөзге араласып.

- Иә, бес жыл.

- Өгрөнөмдік қой.

- Иә, агроном.

- Бітіріп кеп, глюный өгрөнөм боп, қыпшақтардың қызын ұрып, кеткен есемізді алып берші, - деп рулық аражікті араға сала сөйледі. - Әй, не болса соны айтпай тыныш отыршы, - деп апам тиып тастады. Сосын: - Әкең де қуанып жүр, - деп оның да көңілін қалдырмай ілестіре кетті.

Орнымнан тұрып, тура жолға түстім. Ажаркүл апа ауылдың шет жағында тұрады, бізге туыстық жақындығы жоқ шетқақпай көп ауылдастық бірі. Күйеуі соғыста өлген. Өзі үш некелі болыпты, үшінші күйеуінен қара қағаз келгеннен кейін жиналыс жасап, беталды кейіген бригадка: «Қарағым, мен үш байға тиген қатынмын, ештеңеден қорықпаймын, байқап сөйле, қолымнан келгенін істеймін, келмегенін істей алмаймын», - деп аузын жаптырыпты. Бұның бәрін апам айтты, өкем сөзге жоқ, ішкен асына қанағат етіп отырар тақуа адам.

Бала күнімде, сыырға шөп салып жатқанымда, айырмен көтерген бір бау пішеннің қылтаңағы желкеммен ұшып кеп көзіме түсіп, оң көзімді аша алмай қалдым. Суырып тартып, жаным шығып барады. Апам қолымнан ұстап, дедектетіп Ажаркүлдің үйіне өкелді.

- Әй, көккөз, шала қазақ, - деп алдына алып, айналып-толғанып отырды да, еңкейіп, қызыл тілінің ұшын тигізіп қалғанда сұп-суық бірдеңе көзімді аралап кетті. Бір кезде тілінің ұшын көз құйыршығыма таман өкеліп жұтынып қалғанда, көзім шайдай ашылды. Бөртпешектей қықымды тіл ұшынан сипап алып, саусақ ұшына іліп тұрып, апамә зеки сөйледі:

- Қаршадай баланы жұмсамасаңдар болмай ма? Көптің бірі емес, өзі жалғыз. Байың дәсібісін тізіп, енегін уқалағаннан басқа не бітіреді. Тұр, көккөз, - деп құйрығымнан сипап жіберді.

Шешемде үн жоқ, сөйтсе Ажаркүлге ешкім де жауап қайтармайды екен. Сосын маған қарап:

- Осы, көккөз, кішкентайларға тіке қарамасын. Көрген жерде балаға түкіріп жүрсін. Тұқымдарыңда бар ғой, төресіндер ғой, - деді.

Шешем басын изеп, аудандық газетке орап өкелген шүберегі мен бір ашымқа шөйін ұсынып еді, қолын созбады. Қасына қоя сап, қайтуға асықты. Көзім шөйдай ашылып, борпылдақ топырақты борп-борп басып, апамның алдына түсіп ап үйге қарай жүгірдім.

Енді осы үйге екінші рет келе жатырмын. Бұл кісі шешеммен қатарлас, қолында жалғыз қызы бар. Менімен сыныптас, тікбақайлау, ер балдармен көп ұрсысады. Балдар да қарап жүрмейді, ара-тұра денесіне қол жүгірткенде домалақ өлеуетті қыз білегін сермеп, салып-салып жібереді. Аты Бағланкүл. Ерте туған бағландай топ-толық, беті дөп-дөңгелек, басынан қызыл тақиясын тастамайды. «Онысы несі?» десем, «Ажаркүлдің істеп жүргені ғой» дейді апам. Төбесінен қақиған қоңыр үкісі түспейді. «Нере үкі тағады?» десем, «көз тимесін дейді де, Ажаркүлдің қызының қай жеріне көз тиеді екен» деп тағы да қосып қойды. «Қызың да өзіңе тартқан сұлу ғой» деп кекеткен құрдас еркекке: «Сұлу болсын, сызық болсын, байға тиіп, бала туса болды да. Менің қызым сендейлердің баласына пысықрмайды. Соғыс кезінде көрдік қой кім екеніңді, мекиеннен қашқан қыт-қыттаған қоразсың, соғыс сен сияқтылардың көтін ашты» дегенде, анау сөзге келмей тұра айдапты.

Соғыс дейді, соғыс кезінде біздің ауылдағы күріштікке су алар дәу арнаны кілең әйел қазыпты. Сонда Ажаркүл бір келіншекке «сенің байыннан қара қағаз келеді» десе, ұзамай жаманат қағаз келіп, «сенің ниетіңнен болды, байға жарымаған бейбақ» деп, қара жамылған

ТІЛІ АШЫ ӘЙЕЛ (Әңгіме)

қатын көңіл айтып келген Ажаркүлдің бетін тырнап жіберіпті. Ашынған әйел не істемейді. Сонан кейін Ажаркүл тілін тістеп, не де болса ішіне түйіп, екі бүктетіліп жүретін болыпты. «Кетпен шапқанда ыңылдап өн салып шабатын, бұл өзі «р»-ды «л» дейтін сақау ғой, «Қалағым-ау» деп өн шырқағанда «үш байға тиген Ажаркүл тағы біреуді құртқалы жүр ғой» деп әйелдер мазак қылатын. Десек те, бөріміз соған жалтақтап, аузынан сөз күтетінбіз. Ажаркүлдің мысы басып тұратын». Шешемнің қатар-құрбыларына, кейбір сөз тындайтын келіндеріне сыр ғып айтатын өңгімесі құлағымда ызыңдап келеді. Көшере тас төселіпті, бірақ беті асфальтпен жабылмапты. Сүп-сүйір туфлиімнің тұмсығына тиген ұсақ тастар жан-жаққа ұшып жатыр. Бұл — қайта құрудың біздің ауылға жеткен көрінісі. Адамдар да біртүрлі, сөйлеп тұрып, бір-біріне сенбейді. Күріш егетін жерді билігі барлар жекеменшік қып бөліп алып, жұрт не істерін білмей сандалып жүр. Апамның даусы тағы да құмығып, құлағыма естілді.

- Анау Сейтімхан ұстаның баласынан қара қағаз келгенде, кілең қатын көңіл айтып үйіне бардық. «Шаңырағымнан тірі шығып ең, өлді деуге қалай сенем» - деп келіні аңырағанда, кісі аяғы басылған соң Ажаркүл оңаша алып шығып, «Әй, қатын, босқа бақыра берме, байың тірі» депті де, «тісіңнен шығарма, мен айтты деме» деп кетіп қалыпты. Соғыс біткесін екі жылдан кейін ұстаның баласы шөпкесі қисайып келіп тұр дейді. Тұтқында болыпты, бір бай неміс сұрап алып, шошқасын бақтырыпты. «Жағдайым жаман болған жоқ, апта сайын бір торайды үйітіп жеймін» дейді, жүгермек» деп жеңгелері келеке ғып отыратын. Кейін сол неміс тілінен сабақ беріп күн көріпті.

Ажаркүлдің соңына да «үш өріп» түсіпті. Қазақ тыныш жүре ме, біреулер көрсеткен ғой, аузына келгенді көріп жүр деп. «Ендігірі аузымды ашпаймын, тыныш жүремін» деп, қол қойу білмесем де, қағаздың шетіне қақитып бір таяқ сызып беріп кеттім» деп шешеме сыр ғып айтыпты. Сонда үкіметтің кетпен шауып жүрген әйелдердің арасынан да хауіпті элемент іздегені ғой.

Кеңсенің алдына жеттім. Қос қабатты кеңсе үйі ауылға көрік беріп тұр. Қарсы алдында тапалдау клуб. Бірақ, осы маңдағы жайқалып тұрған қара ағаштар кесіліп, тек түбіртегі қалыпты. Орнына шетелден өкелген ағаштың ұзақ жасайтын басқа сортын екпекші екен. Кеңсе алдында осы ауылдың атын жер жүзіне жайған даңқты дикан атаның суреті ілулі тұрушы еді, ол да жоқ. Жаңа келген бастық: «Бұл кемелденген социализмнің өкілі, қазір қайта құру, орнына Горбачевтің суретін ілеміз» деп алдыртып тастапты. «Мынау асыра сілтеудің көкесі ғой, біз соның тәжірибесімен күріш егіп жүрген жоқпыз ба, ауыл болса соның атында» деген бір даңғайыр диқанға: «Ексең ек, екпесең табаныңды жалтырат, сенсіз де егетіндер табылады» деп жер бермей қойыпты. Бұл не, қайта құру деген осындай бола ма екен? Оқуды бітіріп, агроном боп ауылға келсем, осындайлардың бәрін орнына қоям. Диқан атаның суретін де қайта ілгізем, жерге қолы жете алмай жүрген көнігі күрішшілерді де қарық қылам.

Ажаркүл апаның үйінің төбесі көрінді. Тапалдау соғылған, шипрмен жабылған көнетоздау там. Ең бірінші тиген күйеуі салдырып кеткен үй дейді, қалған екеуі күшік күйеу боп қолында тұрыпты. Жүрегім біртүрлі дүрсілдей бастады. Бір нәрсе сұрай қалса, не деймін. Елден естіген бір сөзім бар еді, соны сұрасам ба екен. Бір сөзбен шотыма қондырса қайтем. «Шешең сұра деп жіберді ме?» десе, не деймін. Ол — ауыл адамдарының гу-гу сөзі, қарабайыр тіршіліктен қажыған қазақтың қара өңгімесі. Ажаркүлдің қызы — менің сыныптасым Бағланкүл телебездерді қосып қалса, Горбачев шекесі жылтырап, аузы-аузына жұқпай сөйлеп тұр екен. «Мынау, қалды шеке, елді таратуға келген сужұқпас қой. Көрмегенім сен болсын. Өшір!» деп, көгілдір экранды қара шүберекпен қымтап қойыпты. Осыны сұрасам ба екен. Жігіт басыммен сөз естіп қалсам, ол да ұят.

Қисайып, шегесі босап, салбырап тұрған шарбақ қораның есігін аштым. Төбе шипры қар мен жаңбырдан өбден жұқарып, дуалының өгі көмескі тартқан ескі үйге беттей бергенімде Ажаркүл апа есік алдына шықты да, мені көріп селт тұрып қалды. Жымық көздері сығырая күлімсіреп, тәмпіш танауы қусырыла қарады. Сынап-мінеп тұрған да жайы бар.

- Әй, көккөз, қайдан жүрсің-ей, - деді сұрау салып. — Оқуға түстің ғой.

- Түстім. Қолыңызды алып кетейін деп...

- Кеше, анау көршілерің Алтынай кеп, он екі мүшемді түгел атап тұрып, қарғап кетті. Маған қарғыс өтсе өлдеқашан өліп қалар едім. Шешеңнің де аузы жеңіл. Осы кезде сыныптасым Бағлангүл үйден шыға келді. Басында баяғы қызыл тақия, төбесінде антенна секілді тіп-тік үкі. Бойжетіп қалған қызға дөңгелек қызыл тақия мен үкі сондай жарасып тұр.

- Клестасыңа шөй қой, - деді Ажаркүл апа.

Бағланкүл есік алдындағы тапал кереуетке көрпеше төсеп, жастық тастады. Самауырға шоқ салды.

- Төрге шық, еркексің ғой, - деді апа. Қысық көзін сығырайтып, сынай қарап отыр.

- Клестасыңды Бөйгеқұмдағы СПТУ-дың мәшинке басатын оқуына берейін деп отырмын. Сен өгрнөм боп келгенде қағаздарыңды өзі басады, - деді езуіне күлкі үйіріліп.

- Бағланкүл сабаққа жақсы, әсіресе, есепке жүйрік, қай оқу болса да түсіп кетеді ғой.

- Өз есебін білсе болды да. Үш байға тиген

мен де есебімнен жаңылған жоқпын, - деп қырын қарағанда өлгі күлкінің ізі өң-жүзінен сытылып кетті. — Шешең қалай? Жалғыз бала деп атыңды Тілеу қойып еді, Құдай тілеуінді берсін. Әкең аман болсын, әйтеуір сені туғызу қолынан келді, оған да шүкір, - деп еркек жыныстыларға деген бір тілеу мен бір ыза ыз-диып аузынан шықты. Шешемдей адамның бетіне қарап мен де күліп жібердім.

- Алматың қалай, онда да қайта құру ма? Біздің ауыл қайта құрылып бітті. Бөрі бұзылды, бөрі сатылды, анау дөн сақтайтын склөдті сатқасын не сұрайсың. Астық бола қалса, көттеріңе тығып сақтар ма екен. Колхоз деген атын да құртыпты. Сен үлкен жерден келдің ғой, бұл не өзі? — Тағы да жүзіне жымысқы күлкі үйірілді. — Айтыс болады дегесін өнеукүні Шиеліге барсам, айтыс емес, ақшаға сатылған өңкей жарамсақ, «Қайта құру дегенім, қайта құру, Атымды қайта ерттеп, қайта міну» дейді домбыраны енегінің үстіне қойып ап. Қайта құруды жырлаған түрлері ғой. Нартайлар домбыраны биік ұстаушы еді, қор болған сөз бен қайран домбыра деп, кетіп қалдым. Үлкен жерден келдің, қаладағылар да осылай ойына келгенін істеп жүр ме?

- Қайдам, апа, оқуға жаңа түсіп жатырмын ғой, - деп төмен қарадым.

- Осы, біздің қазаққа айналысатын ештеңе қалмады-ау деймін. — Апа сөзін айтып болғанда самауыр селк-селк етіп қайнап, төбесіне кигізген кернейден шыққан қою түтін сейіле бастады.

Дастархан жайылып, Бағланкүлдің қолынан шөй ішіп отырмын. Енді байқадым, кеудесі мен бөксесі бұлтиып, нағыз қыз қалпына еніпті.

- Біздің кластан Алматыға оқуға түскен сен ғана. Қайта құрудың кезінде... - деді кесе ұсынып.

- Бұны оққағары бар ғой. Қызым, қайта құру деген бөлені енді аузыңнан шығарушы болма. Қарашы, зәкүншіл боп қалғанын, - деп қызына қарағанда ол селк-селк етіп күлді, төбесіндегі тіп-тік үкісі де қоса селкілдеді. Ол шешесінің сөзіне күлсе, мен Бағланкүлдің бітіміне рақатана көз салдым.

- Осы, Ажаркүл апа, телебездерден Горбачевті көргенде «мынау, қалды шеке, елді таратуға келген сужұқпас қой» деп өшіріп тастағаныңыз рас па? — дедім көмейіме келген сөзді ірікпей. - Мені өтірік айтты деп естіп пе ең.

Тосылып қалдым. Қарашы, бүлдіргенімді. Болары болды ғой деп тағы да сұрадым.

- Өзіміз туралы не дейсіз?

- Оны кейін естисің.

Ажаркүл апа қайтпады. Қарашы, не айтса да именбей, еркін бермей, кең далада бір өзі отырғандай көсіліп отырысын. Өмірі ешкімнен ықпаған тілі ащы әйел маған түсін суыта қарады. Бір нәрсе білгім кеп іштей ынтығып отырғанымды сезіп отыр, бірақ көңілінде күдігі бар.

- Екеуің шөй ішіп отыра беріңдер. Мынау насыбайшы Әжімұрат құран оқытып жатыр екен, соған кіріп шығайың, - деп жылжып барып орнынан тұрды да: - Әй, Тілеу, келіп тұр, клөстөсің Бағланкүлді ұмытып кетпе. Сенің шешең екеуміз бір жыл емес, бір күнде туған-быз сендерді. Екеуің түйдей жастысыңдар. Бұны шешең айтқан жоқ шығар, өсек айтқаннан басқа не біледі о қатын, - деп тез-тез сөйлеп кетел берді. Мен сыныптасыммен жалғыз қалғаныма айдарымнан жел есті. Жастыққа жан-тайып, шөніміп жаттым. Кесе ұстағанда саусағына саусағым тиіп кетіп еді, үлкен жерге оқуға түсіп келдім дегендей өзімді биік ұстап,

сезімімді сездірмедім, ол болса дір етіп, кесені түсіріп ала жаздады. Осыны байқап қалдым. Кластағылардың қайсысы қандай, кім қорқақ, кім батыр еді, кім кіммен хат жазысып, ұсталып қалғанын айтып, бөсіп отырғанда Ажаркүл апаның төбесі көрінді. Орнымнан ұшып тұрдым.

- Жақсы, апа, қолыңызды алайын деп келгенім ғой.

- Келіп тұр, - деді түсін суытып. Бұрынғыдай емес, даусы тым бөсең шықты.

* * *
Алты ай өтіп, қысқы каникулға келгенімде шешемнің айтқан алғашқы сөзі — «Ажаркүл қайтыс болды, кеше қыркын берді. Қызына көңіл айтып шық, клөстөсің емес пе», - деді. Апыл-тапыл жолға шықтым. Былтыр тас төселген көшелердің, тіпті көркі кете бастапты. Тас төселгенмен асфальт құйылмапты, таздың басындай ала-құла. Қоймалжың батпақ бетін жауып, бұзау тұмсық бөтіңкемнің табанын армансыз жалап жатыр. Ауылдың көркі кетіп қалыпты. Кеңсе алдындағы «Қайта құру — уақыт талабы» деген плакат-жазу қисайып, қара желмен желп-желп етіп желбіреп тұр. Кесілген қара ағаштардың орны да тып-типыл. Клубтың дөп алдында ұлы көсем Лениннің ескерткіші тұрушы еді, бір күнде құлатып, мойнына темір арқан байлап, «Беларуспен» сүйретіп, шошқа баздың түбіне апарып көміп тастапты. Ескерткіштің тұғырына кішкентайлар секіріп ойнап, сальто жасап, етбеттеп-шалқалай құлап мәз-мөйрам. Жылдам басып кеп Ажаркүл апаның үйіне жақындадым. Өткен жолғыдай емес, қыс ауасы сергек, адымым ширақ, қоймалжың батпақты шылп-шылп басып келемін. Әрі үкі таққан сыныптасымды көргім кеп, көңіл айтуды мойныма жүктеген бір міндет деп сезінем. Көріп, көңілін ауласам жеңілдеп қалатын секілдімін.

Көрші үйдің өйелі аулаға енген мені көріп, сол үйге қарай кетті. «Келе жатыр» деп ескерткен болу керек. Батпаққа шыланған бөтеңкемді ауыз үйге шешіп, кіре бергенімде қарсы алдымда тұрған Бағланкүл сыңсып қоя берді. Көдімгі ұзатылар құздай өксіп-өксіп сыңсыды. Басында үкілі тақиясы жоқ, төмілжте тартқан қара орамал. Даусы ащы. Мектепте жалпы хорда тұрып өн салғанда да даусы елден ерекше саңқ-саңқ етіп жылдам шығатын, мен оны Роза Бағлановаға ұқсататынымын. Аяп кеттім. Мұң аралас өксік дауыс көңілімді босатып жіберді. «Барым да, нарым да жалғыз шешем еді» деп сөз қосып айтып, иығымнан ұстап жібермеді. «Тілі ащы болғанмен, ешкімге зияны жоқ еді» деп тағы да қосып қойды. Басу айтып, білген құлқуалламды оқыдым. Ол өз-өзіне кеп, аздап көңілі жайланғасын сыныптастарына деген ризалығын білдірді. Шөй қойып, өңгіме ербітті. Ол өткен жолғыдай еркін көсіліп кетпесе де, арасында күлімсіреп қойып, сөйлеп отыр.

- Кластастар түгел келді. Қырқына да келді. Бөріне ризамын, - деді. Бір кезде: «Ең жаманы — жалғыздық екен. Шешем үш байға тисе де, бір еркек кіндік көре алмапты. Ағам не інім болғанда соларға арқа сүйеп, шалқайып отырар едім, - деді өксіп. Сөл үнсіз қалды да: «Тілі ащы болса да, айтқан сөзі айналайыннан бетер еді», - деп төмен қарап, самауыр сыртына ирелендеп тұрып қалған қайнаған судың қағын сұқ саусағымен түрткілей берді.

- Оқуға қашан барасың?

- Енді ненің оқуы. Мына үйді құлыптап, қайда кетем. Сендер оқыңдар, бізге сол жетеді ғой, - деп басын көтеріп, бетіме қарады. - Қырық күн өтті, апамның жоқтығына да біртіндеп үйрене бастадым. «Ажаркүлдің тілі ащы» деуші еді, тұщы нөрсені көрмедік қой.

Менің көкейімде былтырғы жауабы жоқ сауалым сол күйі сақтаулы тұр. «Кейін естисің ғой» деген кекесінді үні де құлағымда. Әлі ешкімнен қайта құруға орай «Ажаркүл айтыпты» деген сөзді естігем жоқ.

- Осы, Бағланкүл, Ажаркүл апа көтерінде ештеңе айтқан жоқ па? — дедім қипақтап.

- Не туралы?

- Ауыл туралы, болашақ туралы, атқа мінгендер туралы...

- Естігем жоқ, - деп басын шайқады.

- Берік бол. Кеткенше өлі келемін. — Батпаққа

былғанған бөтіңкемді аямаңа сұға бастадым. Ол табалдырықтан аттаған жоқ. Қазақ салтында жылын бергенше қаралы үйден ешкімді шығарып салмайды.

Артыма бір қарадым. Бағланкүлдің көздері кіртііп, кірпік қақпай қарап тұр екен. Ажаркүл ападан аумап қалыпты.

«Тілі ащы әйел өмірден тілін тістеп кетті ме екен?». Үйді айнала бергендегі ойым бұл. Көшенің қара батпағына табаным тиді, былш-былш басып келемін. «Ажаркүл апа қайта құруға қолды бір сілтеп кетті ме екен. Артында Бағланкүл қалды ғой. Кеткенше тағы бір соғамын. Бәлкім бір нәрсе айтып қалар».

adebiportal.kz

ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫҚ!

Адам өміріне, қоршаған ортаға орасан шығын әкелетін өрт оқиғасы деп айтылып, жазылғанымен өліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Сондықтан, осы кезде өрт қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ең басты мәселе адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау болып табылады.

Өрт – тілсіз жау. Ол адамдарға қасірет әкеліп, материалдық шығындарға ұшыратады. Сондықтан да өрттен сақтану мәселесіне әр кез үлкен жауапкершілікпен және сергектікпен қарамаса ол онық жегізеді.

Мысалы: 2020 жылдың өткен кезеңінде тұрғын үй секторында 3 өрт оқиғасы және 1 автокөліктің өртену дерегі тіркелді, ал 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 9 жағдайға, яғни 66,5 % азайып отыр.

Өрттердің пайда болуына себеп болған:

- 1 тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығынан;
- 2 тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;
- 1 автокөліктің электр тоқ желісінің қысқа тұйықталуынан.
- 2019 жылы өрттердің пайда болуына себеп болған:
- 1 от жағу пешінің пайдалану ережелерінің бұзылуынан;
- 2 тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;
- 5 тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығынан;
- 1 автокөліктің электр тоқ желісінің қысқа тұйықталуынан.
- Бұдан көретініміз, өрттің пайда болу себебінің басым бөлігі адам фактордан, яғни, тұрғындармен от жағу пешінің пайдалану ережелерінің бұзылуынан және от қолдану кезіндегі абайсыздықтан. Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қонақтарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң



сақтау қажет екендігін ескертеміз!!!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлігіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орна-тылады.

2. Сымдар мен көбілдердің тал-сымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дөнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.

3. Тұрғын үйлердің пәтерлері мен жатақханалардың тұрғын бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын өртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайларын орнатуға жол берілмейді.

4. Пәтерлер мен тұрғын бөлмелерінде төсекте темекі шегуге және плитада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

5. Қоралар мен басқа да шаруа-

шылық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына және учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын орналастыруға жол берілмейді.

6. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан 50 м кем болатын ара қашықтықта іске асыруға тыйым салынады.

Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқындандылық танытыңыз, өрт күзетін «101» немесе «112» телефоны бойынша шақыртып, өзіңіз бен жақындарыңызды құтқару үшін қажетті шараларды қолданыңыз, өрт сөндірушілермен кездесуді ұйымдастырып, жану ошағына тез жетер жолды көрсетіңіз!

А.ТАРЫБАЙ,
Ойыл ауданының
төтенше жағдайлар
бөлімінің аға инженері.

ІМБАҒАСЫ:КӘСІПКЕРЛЕР ЕКІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТӨМЕНДЕГЕНІН АТАП ӨТТІ

Осы айда Халықаралық менеджментті дамыту институтының (Institute for Management Development, Швейцария) әлемдік бәсекеге қабілеттілікті зерттеу орталығы «ІМД-2020» **жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінің** нәтижелерін жариялады.

Елдің бәсекеге қабілеттілігі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетті бизнес қалыптасатын ортаны жасау және қолдау қабілетімен қабылданады.

Қазақстан сауалнама негізінде қалыптасатын және кәсіпкерлердің жемқорлықты қабылдауын көрсететін **парақорлық пен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл индикаторы бойынша** екінші жыл қатарынан өз орнын жақсартты.

Биыл бағалауға қатысқан 63 мемлекеттің арасында еліміз 29-дан 27-ге, яғни 2 орынға көтеріліп, 10 баллдың 5,01 баллын алып, орташа

әлемдік көрсеткіштен (4,80) асты.

Бұл еліміздің осы рейтингке қатысқан кезеңдегі ең жоғары нәтижесі (2018 жылы – 39 орын және 3,43 б.; 2019 жылы – 29 орын және 4,28 б.).

Қазақстан бұл талап бойынша Польшадан (28 орын), Израильден (30), Оңтүстік Кореядан (31), Литвадан (32), Қытайдан (33), Испаниядан (39), Чехиядан (44), Ресейден (51) және т.б. жоғары орналасқан.

Жоғарыда аталған жетістіктер басқа 8 халықаралық рейтинг агенттіктерінің мәліметтерімен қоса **Транспаренси Интернешнлдің сыбайлас жемқорлықты түсіну индексінің** баллын есептеу барысында ескерілетініне назар аударамыз.

Жалпы, бизнес жүргізудегі жемқорлықтың біртіндеп төмендеуін Бүкіләлемдік банктің «Enterprise Survey», Қазақстандағы Транспаренси Интернешнлдің «Сыбайлас жемқорлықтың жай-күйіне мониторингін» және PRS

«Елдік тәуекелдерді бағалауын» қоса алғанда басқа агенттіктер жүргізген зерттеулердің нәтижелері де айғақтайды. Осы тұрғыдан алғанда Covid-19 пандемиясының әсерінен әлемде орын алған қиын жағдайға қарамастан, инвестициялық белсенділіктің жанданып жатқанын атап өткен жөн. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі мен «Атамекен» ҰКП өз тараптарынан отандық және шетелдік инвесторлардың жалпы сомасы 12 трлн теңгеден астам 475 жобасын сүйемелдей отырып, кәсіпкерлерді сыбайлас жемқорлық көріністері мен кімшілік төреліктіктен қорғауды жалғастыруда. Жыл басынан бері Антикор қылмыстық-құқықтық шаралар аясында лауазымды тұлғалардың бизнес жүргізуге заңсыз араласуының 80-нен астам фактісін анықтап, 200-ге жуық кәсіпкердің құқығын қалпына келтірді.

ОЦЕНКАІМД: ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ ВТОРОЙ ГОД ОТМЕЧАЮТ СНИЖЕНИЕ КОРРУПЦИИ

Ранее в этом месяце Центр по изучению мировой конкурентоспособности Международного института развития менеджмента (Institute for Management Development, Швейцария) объявил результаты **рейтинга глобальной конкурентоспособности** «ІМД-2020».

Под конкурентоспособностью страны понимается способность национальной экономики создавать и поддерживать среду, в которой возникает конкурентоспособный бизнес.

По **индикатору противодействия взяточничеству и коррупции**, который формируется на основе опроса и отражает восприятие коррупции предпринимателями, Казахстан второй год подряд улучшает свое положение.

В этом году среди 63 оцениваемых государств страна поднялась на 2 позиции **вверх с 29 на 27 место**, получив 5,01 балла из 10,

что превышает среднемировую показатель (4,80).

Это лучший результат за все время участия страны в данном рейтинге (в 2018 году – 39 позиция и 3,43 б.; в 2019 году – 29 позиция и 4,28 б.).

По данному критерию Казахстан расположился выше Польши (28 место), Израиля (30), Южной Кореи (31), Литвы (32), Китая (33), Испании (39), Чехии (44), России (51) и др.

Обращаем внимание, что вышеуказанное достижение будет учтено при расчете баллов **Индекса восприятия коррупции Транспаренси Интернешнл** наряду с данными других 8 исследований международных рейтинговых агентств.

В целом о поступательном снижении коррупции при ведении бизнеса свидетельствуют и результаты исследований, проведенных другими агентствами, включая «Enterprise

Survey» Всемирного банка, «Мониторинг состояния коррупции» Транспаренси Интернешнл в Казахстане и «Оценку странового риска» PRS.

В этом контексте важно отметить, что несмотря на сложную ситуацию в мире под влиянием пандемии Covid-19, возобновляется инвестиционная активность.

Со своей стороны, Агентство по противодействию коррупции и НПП «Атамекен» продолжают защищать предпринимателей от проявлений коррупции и административной бюрократии, сопровождая 475 проектов отечественных и зарубежных инвесторов на общую сумму свыше 12 трлн тенге.

С начала года Антикором в рамках уголовно-правовых мер выявлено свыше 80 фактов незаконного вмешательства должностных лиц в ведение бизнеса и восстановлены права порядка 200 предпринимателей.

МАЛ АЗАҒЫНЫҢ БАҒАСЫ ҚАЙДА БАРАДЫ?



ЖАННАН БҰРЫН МАЛЫНЫҢ АМАНДЫҒЫН СҰРАЙТЫН ҚАЗАҚ ҮШІН МАЛ ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ. ҚАЗЫБЕК БИ «БІЗ ҚАЗАҚ ӘУЕЛДЕН ДЕГЕН МАЛ БАҚҚАН ЕЛМІЗ...» - ДЕГЕН. ТАБЫСЫН БЕЙНЕТІМЕН ӨЛШЕЙТІН БІРЕУЛЕР АТА КӘСІПТЕН ҚОЛ ҮЗІП КЕТТІ...

Дегенмен, ауыл халқының басым бөлігі мал ұстайды. Әрине, оның бағылуы басқа өңгіме. Ал, мал азығын дайындаушылардың қызметі де аспандап тұр. Рас, мынадай аптапта мал азығын дайындау оңай емес. Еңбегін жоққа шығармаймыз. Бірақ, екен де жоқ, сепкен де жоқ. Жер анаың жаратқан ырыздығы. Жаңбыр жауды, шөп шықты. Былтырғыдай емес, шөптің шығымы бөлек. Демек, түсімі де жоғары. Оған шөп шауып жатқандарды сыртынан көріп-ақ көз жеткіздік. Қаумалардың арасы жақын. Өмірі ауылда өтіп, шаруамен «көзі шыққан» адамдар «биылғы шөптің түсімі өткен жылғыдан ең кемі екі есе артық» - дейді. Былтыр шөп шабу үшін шаруалар ауылдан 60-70 шақырым ұзап кетіп

еді. Биыл үйдің іргесінің өзі тізеден биік. Бірақ, баға өсіп кетті. Бір тәуекел – 400 теңге. Оның көлемі мен салмағы жиналыс сайын жыр болып келеді. Бұл да тұрғындардың наразылығын туғызатын негізгі мәселелердің бірі. Рас, жанар-жағар май мен қосалқы бөлшектер қымбаттаған шығар. Алайда, жоғарыдағы жағдайлар бағаны өсірмей-ақ табысқа кенелуге мүмкіндік береді. Әрине, шөпке көрші облыстардан сұраныс көп. Дегенмен, ол жақтағы табыс пен аудандағы табыс көлемін де ескеру керек.

Әйтеке бидің «Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін...» деп басталатын даналығы бар.

С. ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 15 МЫҢҒА ЖУЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ҮЙДЕ ОТЫРЫП АЛДЫ

Мемлекеттік қызметтерді үйде отырып І және ІІ топтағы мүгедектер, 70 жастан асқан қарттар, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар балалар ала алады. Ол үшін олардың өзі немесе қамқоршылар 1414 қысқа неміріне қоңырау шалып, өтініш қалдыруы керек. Бұдан кейін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мамандары оларға хабарласып, үйлеріне барып мемлекеттік қызметті көрсету күні мен уақытын белгілейді. Биылғы 5 айда Азаматтарға арналған үкіметтің филиалдары тұрғындардың үйіне барып, 15 мыңға жуық мемлекеттік қызмет көрсетті.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрайымы Әсемгүл Балташеваның айтуынша, үй-үйге барып мемлекеттік қызмет көрсету – корпорация құрылған сәттен бастап пайда болған қызмет және осы күнге дейін ол өзектілігін жоғалтқан емес. «Азаматтардың үйлеріне барып көрсетілетін ең танымал қызметтер – паспорттар мен жеке куәліктерді беру, мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиена құралдарымен қамтамасыз ету, мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету үшін құжаттарын рәсімдеу», – деді Балташева.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы мәдениет үйі қызметкері Абдрахманов Жауынбайға ағасы **Дауылбайдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл ауданының мемлекеттік архивінің ұжымы архив меңгерушісі **Дауылбай Хасенұлы Абдрахмановтың** кенеттен қайтыс болуына байланысты, отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл ауданы өңірінде ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарған қадірменді аға

Ноқым Салиевтің

өмірден өтуіне байланысты марқұмның балалары мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз. Абзал жан, адал әріптес, еңбекқор жан еді. Марқұмның жаны жәннатта, иманы жолдас болсын.

Сапар Сағынтаев, Әнуар Бекмұхамбетов, Өтеміс Әкімов, Нұрлан Жұмағалиев, Елубай Калиев, Тынышқали Өбдірешовтердің отбасы.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Дінжановтар отбасына апасы

Райсаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Атыраубаевтар, Какиевтер отбасына Ойыл қазақ орта мектебінің зейнеткері

Дінжанова Райса Сансызбайқызының

қайтыс болуына байланысты ағайын, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.